

Кімге: Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Утебаева Жанат Өмірсейтқызына
Кімнен: Шымкент қаласының дін істері басқармасының діни бірлестіктермен жұмыс және мемлекеттік қызметтер көрсету бөлімінің бас маманы Анартай Мадияр Айбекұлынан
Орындау күні: 04.10.2024

Аналитикалық Жазба

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының жұмыссыздық мәселесі және оны шешу жолдары

Кіріспе. Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұранымның құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады.[1]

Негізгі бөлім. Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ-та, еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы жұмыссыздық мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Демек, елдегі тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы – ол елде циклдік жұмыссыздықтың жоқтығын білдіреді. Жұмыспен толық қамтылу кезіндегі жұмыссыздық деңгейі оның табиғи деңгейі болып саналады. Мұндай жағдай елдегі жұмыс күшінің рыноктары теңдестірілгенде, яғни жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орындарының санына тең болғанда пайда болады. Егер жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орнынан асып түссе, онда жұмыс күші рыногының тең болмағаны.

Қазақстанда нарықтық экономикаға өту кезеңінде бұрынғы тиімсіз кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық мекемелерінің жұмысын уақытша тоқтатып, жабылуына, банкротқа ұшырауына, жекешелендіріліп, қайта құрылуына байланысты жұмыссыздық құбылысы байқалды. Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформалар барысында жаңа жұмыс орындары ашылуына, ішкі, сыртқы инвестициялар көмегімен, бірқатар өндіріс ошақтары мен ауыл шаруашылығының жандануына орай, ауылды қайта өркендетудің 3 жылдық бағдарламасына байланысты жұмыссыздық деңгейі де біртіндеп табиғи деңгейге түсе бастады.

ҚАЗАҚСТАНДА 451 951 ЖҰМЫССЫЗ АДАМ БАР

Алматы қаласы	– 53 175;	Павлодар облысы	– 19 154;
Түркістан облысы	– 42 190;	Маңғыстау облысы	– 18 173;
Алматы облысы	– 33 566;	ШҚО	– 17 719;
Нұр-Сұлтан қаласы	– 29 000;	Қызылорда облысы	– 16 955;
Жамбыл облысы	– 26 325;	БҚО	– 16 757;
Қарағанды облысы	– 25 086;	Абай облысы	– 16 082;
Қостанай облысы	– 23 985;	Атырау облысы	– 15 973;
Шымкент қаласы	– 22 075;	Жетісу облысы	– 15 603;
Ақтөбе облысы	– 21 214;	СҚО	– 14 004;
Ақмола облысы	– 20 276;	Ұлытау облысы	– 4 639.



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы

HALYQ UNI

Сурет 1 – 2022 жылдың 2 тоқсаны

Ескертпе: [www. https://halyq-uni.kz](http://www.https://halyq-uni.kz)

Қазіргі таңда біздің елімізде жұмыссыздықты жою мақсатында көптеген мәселелер қарастырылып жатыр. Елімізде жұмыссыздық мәселесі көбінесе жастардың әлеуметтік әл-ауқатына ерекше әсер ететін мәселелердің бірі. Себебі, Қазақстанның болашағы – жастардың қолында! Жастар – ел болашағы. Ал, болашақ бағдарсыз болмайды.

Осыны жете түсінген Президент Қазақстан Республикасының Үкіметіне «Жастар саясаты» жөніндегі заңды қабылдауды тапсырған болатын. Баршамызды толғандыратын сұрақ жастардың әлеуметтік сипаттағы мәселелері, яғни ол жұмыссыздық мәселесі, тұрғын үймен қамту, жас буын арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру екендігі мәлім. Концепцияда басты назарға осы басымдықтар алынды. Нақтылап айтсам, «Дипломмен – ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Қолжетімді баспана», «Мемлекеттік кадрлар резерві» атты бағдарламалар бар. [1]

256 957 АДАМ ЖҰМЫССЫЗ РЕТІНДЕ ТІРКЕЛГЕН

Оның ішінде:

Негізгі орта білім – **3 567 адам;**

Орта білім (жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім) – **169 890 адам;**

Орта білімнен кейінгі білім – **17 843 адам;**

Жоғары білім – **60 393 адам;**

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру – **1 033 адам.**



Дереккөз: «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ

HALYQ UNI

Сурет 2 – 2022 жылдың 2 тоқсаны


Ескертпе: [www. https://halyq-uni.kz](http://www.https://halyq-uni.kz)

Жұмыссыздық деңгейін алдын алу шаралары. Егер де жастар, яғни біз, осындай мемлекет тарапынан жасалып жатқан игі істерден қалыс қалмай, жалқауланбай, белсенділік танытсақ, әрине бізге берері өте көп. Мәселе мүлде жоқ деп айтуға келмейді, бірақ ол бірте-бірте шешілетін мәселе. Себебі, қазіргі таңда Қазақстанда жас мөлшері 14-тен 29-ға дейінгі адамдар жастар қатарына жатқызылады. Бүгінгі таңда жастар еліміздің халқының 30% құрап, қоғамның маңызды бөлігі болып табылады. 14-29 жас аралығындағы әрбір қазақстандық жас бала өмірінің маңызды бөлігін жұмыспен қамтылу мәселесі құрайды. Жоғарыда айтылып өткендей, өздерінің жас мөлшеріне байланысты жас адамдар қандай да бір салада үлкен тәжірибеге ие болмағанымен, ірі көлемді инновациялық және шығармашылық мүмкіндіктер, сондай-ақ жемісті еңбек етуге деген айрықша құлшынысқа ие. Бұл жерден көріп отырғанымыздай, мемлекет тарапынан бізге барлық жағдай жасалынып жатыр. Қандай мықты мемлекет болмасын жастардың білімі мен оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөледі. Келешектің іргетасын қалау үшін, ең алдымен сол елдің жастарының саналы ұрпақ болып жетілуіне күш салу керек.

Қазіргі таңда әрбір жастың алаңсыз, білім нәрімен сусындауына барынша жағдай жасалған. Біздің міндетіміз — білім жолына салынып, түзу жолдан таймай, санаға сәуле шашар оқу білімнің тізгінін ұстау. Және жақсы білім алып, білікті маман болу тек біздің қолымызда! Себебі, ертеңгі күні біз білікті де білімді маман иесі болып шықсақ, еліміздегі

жұмыссыздықтың азаюына себепкер боламыз. Бұл – еліміз үшін үлкен мәртебе! «Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір»,- дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік- экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық- саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз. Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында деп білемін. [1]

Уровень безработицы населения. Региональный разрез. IV квартал 2022




Сурет 3 – 2022 жылдың 4 тоқсаны

Ескертпе: Finprom.kz

Өңірлер арасында жұмыссыздық деңгейі бойынша Түркістан облысы мен Алматы көш бастап тұр. Бұл өңірлерде - 5,1 пайыз. Олардан кейін Шымкент пен Батыс Қазақстан облысы тұр. Онда - 5 пайыз.

Жұмыссыздардың көп бөлігі Алматы мен Алматы облысында тұрады. Бұл өңірлерде жұмыс іздеп жүргендер 100 мыңнан асады.



Сурет 4 – Коллаж: Халық үні

Қорытынды: Жалпы алғанда Қазақстандағы жаппай (жасырын, бейресми) жұмыссыздықтың нақты себептері келесідей:

1. Қазіргі кезде көптеген оқу орындары (жоғары оқу орындары (ЖОО), колледждер, кәсіптіктехникалық білім беру мекемелері) практикалық біліктілігі төмен кадрларды даярлай бастады. Нәтижесінде түлектер мамандығы бойынша бірден жұмыс таба алмайды. Кейбір оқу орындары білім беру кезінде практикаға көңіл бөлмей, теоретиктерді дайындағанымен, жұмыс табу мәселесі тікелей жастардың өзіне байланысты. Жас мамандар білім алу барысында оқу орнын аяқтағаннан кейін немен айналысатынын (қандай жұмысты орындайтын) өзі зерттеуі қажет.

Сонымен қатар, сапалы емес мамандарды штамптайтын көптеген оқу орындары бар екені жасырын емес. Бұл оқу орындарының филиалдары, оларда сырттай оқу нысаны бар, сол арқылы «жоғары білім» мәртебесіне нұқсан келтіре отырып, сыбайлас жемқорлық орын алып жатады. Осылайша, жоғары білім туралы дипломның (қызыл болса да) болуы бітірушінің жұмыс табатынына (қандай да бір мамандық бойынша) кепілдік бермейді.

2. Ата-аналардың өз балаларына шамадан тыс қамқорлығы. Ата-аналар ЖОО-да оқитын, кәмелетке толған балаларға дербес шешімдер қабылдауға және жарты ставкада жұмыс жасауға рұқсат бермейді. Дегенмен, біз өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы дағдарыстың алшақтығын алып отырмыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ата-аналар қысқартуларға түсіп, оларға уақытында жалақы төлемеген, нәтижесінде олар өз ісімен айналысуға, базарда сауда жасауға мәжбүр болды.

Сондықтан олар өз балаларына оқу аяқталғаннан кейін жұмыс табуға көмектесе алмайды, себебі өздері мамандық бойынша жұмыс істемейді, сабақтастық бұзылды.

3. Жұмыс берушілер. Жоғары қарқынмен жылдам өзгеретін заманауи талаптар мен жаһандық өзгерістер, жоғары өмір қарқыны, технологиялар, бәсекелестік, жұмыс берушілерді бастапқыда моральдық-адамгершілік міндеттемелер туралы ұмыта отырып, персоналды оңтайландыруға, жоғары өнімділік пен тиімділікке ұмтылуға мәжбүр етеді.

Сондықтан олар 40 жастан жоғары адамдарды, әйелдерді (олардың декретке кетуі мүмкін болғандықтан) жұмысқа алғысы келмейді, керісінше жұмыс өтілі мен тәжірибесі жоқ (көбінесе біліктілігі жоқ) жастарды жинайды, олардың барлық күш-жігерін ала пайдалана отырып, керек болған кезде оларды ойластырылған себеппен еш қиындықсыз жұмыстан босатады және денсаулығына байланысты жиі демалыс алатын адамдарды жұмыстан шығарады. [2]

4. Еңбек нарығындағы мамандардың қажеттілігі. Жас мамандар мен түлектерде (жастарда) моральдық-адамгершілік құндылықтарға қарағанда материалдық құндылықтар басым болып отыр. Рухани құндылықтар ұмыт қалды. Көпшілік жастар ештеңе жасағысы келмейді және бірден көп ақша тапқысы келеді, үлкен бастық болғысы келеді (басқаларға не және қалай жасау керектігі туралы нұсқау беру).

Сондықтан олар, әр істеген жұмысын ақшаға бағалайды. Сондықтан жастардың көбі қаржының қайнар көзі есебіндегі мамандықтарды: кеден ісі, банк ісі, қаржы және несие, экономика және менеджмент, аударма ісі, заң, құқық сияқты беделді мамандықтарды таңдап алады. Еңбек нарығы осы мамандықтағы қызметкерлерге көп көңіл бөледі деп есептейді. Беделді мамандықтарға түспегендердің барлығы медициналық, педагогикалық, ауыл шаруашылығы мамандықтарына түседі. Олардың жалақысы беделді маман иелерімен салыстырғанда біршама төмен. Ал жалақысы және жұмыс талаптары қанағаттандырмайтын мамандар жұмыссыздар қатарын арттырады. [3]

5. ЖОО бөлінетін гранттар. Мектеп бітіруші түлектер мамандық таңдау кезінде көбінесе қандай мамандықтарға грантқа түсе алады, соған қарай мамандық таңдайды. Болашақ кезеңде ол мамандыққа сұранысты ескермейді. Нәтижесінде мамандық бойынша диплом алған маман иесі еңбек нарығында сұранысқа ие бола алмаса жұмыссыздар қатарын ұлғайтады.

Бұл шаралардың барлығы халықтың жұмыспен қамтылуын тиімді реттеуге мүмкіндіктер береді. Жаңа бос жұмыс орындарын құру әлеуметтік шиеленісті төмендетеді, ал орталықта жаңа мамандық алу мүмкіндігі кәсіпорындарда жұмыс кадрларының тапшылығы мәселесін шешуде маңызды. Әлеуметтік саладағы даму болашағы жақсы өзгерістерге үміт береді. [4]

Ұсыныс: Жұмыссыздықты төмендету және жұмыс орындарын көбейту үшін төменде көрсетілен бірнеше маңызды ұсыныстар бар:

1. Кәсіби оқыту бағдарламалары: Жұмыссыздық деңгейін төмендетудің ең тиімді жолдарының бірі – адамдарды жаңа дағдыларға үйрету. Әсіресе, заманауи технологиялар саласында сұранысқа ие дағдыларды меңгерту.

2. Кәсіпкерлікті қолдау: Жеке кәсіпті бастайтындарға арналған жеңілдіктер мен гранттар ұсыну. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді.

3. Ауыл шаруашылығын дамыту: Ауылдық жерлерде жұмыс орындарын құру үшін аграрлық секторды дамыту маңызды.

4. Шағын және орта бизнесті қолдау: Мемлекеттік бағдарламалар арқылы шағын бизнеске салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар беру.

5. Инфрақұрылымды дамыту: Жолдар, мектептер, ауруханалар сияқты инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салып, жаңа жұмыс орындарын ашу.

6. Миграцияны реттеу: Жұмыс күші тапшы аймақтардан еңбек мигранттарын тартуды ұйымдастыру.

Осындай шаралар жұмыссыздықты қысқартуға және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. <http://startinfo.kz/buisness/qazaqst-jymassduk-masele/>

2. Реальные причины безработицы в Казахстане. Форум казахстанского налогоплательщика. <http://bb.f2.kz/ru/economic/realnye-prichiny-bezroboticy-v-kazahstane-t5662.html> (қарау уақыты: 25.12.2019) (электронды ресурс).

3. Бодаухан К, Мусина Р.С., Садвакасова А.М. Analysis of the Kazakhstan labor market and its development directions// Статистика, учет и аудит. - 2019. № 3(74)- с. 68-74. (журнал).

4. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2020 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысы, Астана, 2021 ж. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000513> (қарау уақыты: 21.12.2019) (жарлық: интернет-ресурс). DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2022-55-2-46-56>